

- 12 Fox, D. (2000). *Economy and Semantic Interpretation*. MIT Press.
13 *Collins English Dictionary* (14th ed.). (2023). HarperCollins.

Received: 05.04.2025

MFTAP 16.01.11

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss2pp184-198](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp184-198)

Б.Ж. Курманова¹, Н.Ж. Құрман²

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, 030000, Қазақстан Республикасы

²М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстан филиалы, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТІЛДІК ТАКТИКА МЕН ҚОҒАМДЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Мәдениетаралық коммуникация – бүгінгі күні өзекті және дамып жатқан пәнаралық сипаты бар лингвистикалық бағыт. Мәдениетаралық сипаттағы зерттеулер Қазақстанда жеткіліксіз және бұл бағыт бойынша шешуін күтіп жатқан мәселелер өте көп. Сондай мәселелердің бірі – ұлттық тілдік тактика мен ұлттық қоғамдық мінез-құлық. Ұлттық тілдік тактика мен ұлттық мінез құлық мәселелері лингвистика мен этнопсихологияда бөлек қарастырылып жүрген сұрақтар. Ал мәдениетаралық коммуникация аясында бұл мәселе тұтастықта зерттелген жоқ деп айта аламыз. Біз өз зерттеуімізде қазақ ұлттық тілдік тактикасы мен қоғамдық мінез-құлқын ұштастыра зерттеуге талпыныстар жасадық. Бұл зерттеудің өзектілігі айқын және бүгінгі күнгі маңызды әлеуметтік мәселе болып табылады. Мақаламызда мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан қазақ халқының тілдік тактикасы мен қоғамдық мінез-құлқының ерекшеліктерін айқындауға талпындық. Мақсатқа сай теориялық материалдар талданды және зерттеу нысанына байланысты негізгі теориялық тұжырымдар жасалып, тәжірибелік бөлімнің құралы ретінде 2 сауалнама алу таңдалды. Сауалнамалардың мазмұны қойылған мақсатқа сай жасақталды, яғни қазақ халқының тілдік тактикасының бүгінгі күнгі сақталуын айқындау және де қазақ халқының қоғамдық мінез-құлқын қалыптастырушы әдет-ғұрып пен ырымдар, салттардың қазіргі қазақтар арасындағы рөлін анықтау болды.

Кілт сөздер: мәдениетаралық коммуникация, елтану, лингвомәдениеттану, тілдік тактика, сөйлеу мәдениеті, ұлттық қоғамдық мінез-құлық, салт-дәстүр, наным-сенімдер, ырым, әдет-ғұрып, этникалық стереотиптер.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тілдік тактика мәдениетаралық коммуникацияда орталық орын алады. Тілдік тактика – нақтыланған жағдаяттарда алға қойған мақсаттарға жету үшін қолданылатын сөйлеу тәсілі. Коммуникациядағы тілдік тактика коммуникативтік стратегияны жүзеге асыруға арналған құрал болып табылады. Сондықтан да стратегиялар сөйлеуші қойған мақсатына қарай сөйлесушіге әсер ету бағытын анықтап отырады да тактика арқылы тілдік құралдарды тиімді пайдалана отырып, өз ортасында қалыптасқан барлық нормаларды сақтау арқылы мақсатқа жетуді көздейді және сөйлеуді іске асырады. Аталған мәселені терең де нақты зерттеген сала мәдениетаралық коммуникация болып табылады. Мәдениетаралық коммуникация әртүрлі мәдениет өкілдерінің соның ішінде оның біреуінің өзге тілде сөйлейтінін ескере отырып, тілдік қарым-қатынасты тепе-тең жүргізуді алға тарта отырып, коммуникацияның табысты жүзеге асыруын қарастырады. Елдің ерекшелігін және оның тарихы мен мәдениетінің

көрсеткіші тілді сақтаудың бір жолы – дәстүрлі тілдік қарым-қатынастың жоғалмауы. Мұндай дәстүрлі қарым-қатынастың маңызын тек қана ұлттық сөйлеу тактикасы мен стратегиясын анықтап, оны айналымға енгізіп, ұлттық қоғамдық тәрбие мен мінез-құлықты, дәстүрді жоғалтпау арқылы мызғымас етуге болады. Соның ішінде тіл ұлттың ерекшелігін, мәдениетінің құндылығын айқындайтын, сақтайтын құндылық деп танылады. Тіл арқылы барлық мәдениет ұрпақтан ұрпаққа таратылып отырады. Ал тіл - жер бетіндегі барлық жақсылыққа апара алатын, тас түйінді шешетін құдіретті құрал. Ол туралы қазақ халқында көптеген мақал-мәтелдер де пайда болып, ұрпақтан ұрпаққа таратылған. Мысалы, *«Тілі бардың тіріде ақысы кетпейді», «Тілден тілдің кеңдігі болғанымен, кемдігі жоқ», «Тіл – қылыштан да өткір», «Бас кеспек болса да, Тіл кеспек жоқ», «Аузы құлып сандықты, тіс ашпаса тіл ашар», «Алажағым кетсе де, Айташағым кетпесін», «Әділ сөздің зілі жоқ, Көп көзінен өткен істің міні жоқ».*

Қазіргі жаһандану үдерісі мен әлемдік өркениеттің қарқынды жүруі ұлттық ерекшелігімізді жоғалтып алу қаупін тудыруда. Цифрлық технологияның дамуы әлемде шекараларды бұзып кеңістіктерді жойып, адамзатты жоғары жылдамдықтағы шексіз қарым-қатынасқа түсіруде және ол үдеріс ұлттық ерекшеліктерді ескермей өзінің талаптарын қойып жатқанын барлығымыз білеміз. Оның бір мысалы ретінде жасөспірімдердің ортақ ойналатын түрлі желілік ойындарын айта аламыз. Ол ойындардың ұлтқа, ұлттық мінез-құлыққа тәуелді емес ететіндей күші бар екендігін барлығымыз білеміз. Сонымен қатар қазіргі кездегі діни ағымдардың да ересектер арасында түрлі әрекеттер жасап, қазақи құндылықтарды жойып жатқанының және ол ересектердің жас ұрпаққа өзге мәдениетті таратып жатқанының куәсі болып отырмыз. Ал енді оған тосқауыл болу үшін, біз өзіміздің қазақи салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, сөйлеу тактикамызды біліп қана қоймай, оның бүгінгі жай-күйін зерттеп, танып, ол ұлттық тілдік тактикамыздың, салт-дәстүрлеріміздің үздік үлгілерін жас ұрпаққа құндылық ретінде үйретіп отыруымыз керек. Осы орайда зерттеп отырған тақырыбымыз жаңа және өзекті деп танымыз.

КІРІСПЕ

Тіл мен мәдениеттің ара қатынасын зерттеп олардың өзара тығыз байланыстарын анықтаған лингвист ғалым С.Тер-Минасова былай дейді: «Тіл адамдардың ағынынан этнос қалыптастырушы, белгілі бір тілде сөйлеуші ұжымның мәдениетін, дәстүрін, қоғамдық өзіндік санасын сақтап, тарату арқылы ұлт қалыптастырушы қуатты қоғамдық құрал» [1,15]. Тіл, мәдениет және қоғамдық мінез-құлықты біріктіре қарастыру және тілдің мәдениет, дәстүр қалыптастырушы мықты функциясына аса көңіл бөліну 20-ғасырдың 80-жылдарынан бастау алды деуге болады. Аталып отырған проблема алғаш рет екінші тілді оқытудағы елтанушылық мәселе деп қарастырылды [2]. Елтану орыс филологиялық және педагогикалық білім беру жүйесінде тілді оқытудың бір аспектісі ретінде Е.М.Верещагин мен В.Г. Костомаровтың орыс тілін шетел тілі ретінде оқыту бағытындағы іргелі ғылыми еңбектері негізінде пайда болып, ажыратылды және де оған мынадай анықтама берілді: «Елтану - орыс тілін шетелдіктерге оқытудың бір аспектісі. Оның мақсаты ретінде тілдің кумулятивтік (жинақтаушы) қызметі мен адресаттың аккультурациясының және білім беру мен гуманистік міндеттердің тілді оқытудағы коммуникативтілігі қамтамасыз етіле отырып, лингводидактикалық тұрғыдан жүзеге асырылуы. Әдістеме бұл тұрғыда филологиялық табиғатқа ие болып табылады» [2,38]. Елтану проблемасы мен мәдениетаралық коммуникацияның байланыстары аталып отырған еңбекте былай көрсетіледі: «Тіл мен мәдениет өзара кіріктірілген құбылыс. Өйткені тілдің семантикасы ұлттың әлемдік бейнесінен туындайды. Ал тіл өз кезегінде мәдениетке әсер етіп отырады. Яғни мәдениет тілде бекітілсе, тіл де мәдениетсіз өмір сүрмейді» [2,28] екен. Сонымен тілдік тактиканың мәдениетаралық коммуникациядағы орнын тілдің мәдениеттің ерекшелігін көрсетуші қызметімен қатар мәдениетаралық коммуникация үдерісіндегі маңызды құрал екендігімен

айғақтауға болады. Ал табысты мәдениетаралық коммуникация тек қана сол мәдениеттің тасымалдаушысы болып табылатын тілді меңгеру арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация өзге әлеумет өкілінің коммуникативтік мінез-құлқын, ол тілді тасымалдаушының мәдениеті болып табылатын ұлттық мінез-құлқын танып білу арқылы ғана табысты қарым-қатынасты көздейді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Тілдік тактика – сөйлесушіге әсер етіп, оларды сендіріп, шабыттандырып, қарым-қатынаста мақсат пен табысқа жетудегі маңызды құрал. Ал соның ішінде өзге мәдениет өкілімен қарым-қатынасқа түсуде тілдік тактика тек қана шебер сөйлеуді емес, сонымен қатар сөйлесуші өзге мәдениет өкілінің қоғамдық ұлттық мінез-құлқын толыққанды танып біле отырып, іске асырғанда қажет болып табылатын сөйлеу әрекеті. Қоғамдық мінез-құлық мәдениетаралық коммуникацияда ерекше қаралатын мәселе болып табылады. Біріншіден, біз этностық сәйкестіліктің мағынасын айтуымыз керек. Этникалық сәйкестілік тұлғаның әлеуметтену үдерісінде қалыптасады, Яғни тұлға саналы түрде немесе бейсаналы түрде өзі өмір сүріп жатқан топтың мінез-құлық үлгілеріне еліктеп, олардың тілін, дәстүрін, салтын игеріп сол топтың мүшесіне айналады [3]. Ал ұлттық қоғамдық мінез-құлық сол ұлттың белгіленген, әдетке айналған нормалардың орындалуымен ерекшеленеді. Соның ішінде айт кететіні сол белгіленген нормалар моральдық құндылықтарға айналып, ұлттың мәдени игілігінің жиынтығы болып табылады. Қоғамдық мінез-құлық пен оның құрамдас бөлігі - нормалар халықтың мәдени-тарихи дамуындағы көзқарастар мен тәжірибелердің негізінде аккумулятивтік, яғни жинақтаушы-сақтаушы, қасиетке ие болып табылады және де ол нормаларда ұлттың басынан өткерген әртүрлі мәдени дәуіріне тән келетін мазмұндағы діни-этикалық көзқарастар көрініс табады [4]. Мысалы, қазақтардың әдет-ғұрпындағы шаманизм мен пұтқа табынушылық кезеңіндегі ежелгі ырымдардың, салт-дәстүрлердің әлі күнге дейін сақталып келе жатқанын айтуға болады: «Баталасу», «Дәм татыру», «Жөн-жосық сұрасу», «Көңіл шай беру», «Қайыр айтып бару», ырымдарды айтатын болсақ, босағаға тұрмау, Айға қарап сұқ саусақты шошайтпау, белін таянбау, отқа май құю, адыраспанмен аластау т.с.с. Ұлттық қоғамдық мінез-құлық осындай ежелден қалыптасқан нормалардан тұрады. «Дәм татыру» әлі күнге дейін өзінің мәні мен әлеуметтік рөлін жоймаған қазақы дәстүр болып табылады. Өйткені ол дәстүр атадан балаға жалғасып, халық арасында қай заман болса да, өзінің орнынан таймағанын көріп келеміз. Бұл жоғарыда айтылған әрбір халықта дәуірлер бойы қалыптасқан белгілі нормалардың жиынтықтары ұлттық қоғамдық мінез-құлықты қалыптастырған деген тұжырымның өмірдегі дәлелі ретінде көрініс тауып отыр. Біз зерттеу барысында С.Кенжеахметтің «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» еңбегінде «Дәм татыру» дәстүрінің мән-мағынасы түптен түсіндірілгенін көрдік: «Қазақтар асты дәм деп атайды. Халық арасында біреуді еске алғанда, «Дәмдес болып едік. Үйінен дәм татып едік», - деп, ренжігенде, өкпелегенде: «Дәм-тұзым атсын! Дәм-тұзыма салдым!», - деп айтқан сөздерінің ұлт ұғымында өзіндік орны бар. Өйткені әр қазақ өздерінің жақындары мен туыс-жекжаттарына ғана емес, ел сыйлаған құрметті азаматтарына, қадірлі ақсақалдарына, аналарына өз үйінен дәм татыруды үлкен мұрат, парыз деп санаған. «Дәм татыру» салтының қоғамдық, әлеуметтік істерде маңызы зор болған. ең алдымен, әдейі шақырып, дастарқанынан дәм татыру – ата салт, қазақы әдеп, жол-жоралғы. Екіншіден, сыйлаудың, құрметтеудің, көңіл білдірудің айғағы. Үшіншіден, қай жерде болмасын, қай уақытта болмасын, сыйлас, қамқорлас, тілектес бола жүрудің кілті. Ел дәстүрі бойынша дәмдес болған адамдар бір – біріне қиянат жасамайды, жоғалғанын іздеседі, табысына қуанып, қайғысына ортақтасады. Бұл – ғасырлар бойы санаға сіңген саликалы салт. Демек, дәм тату – адамгершілік, достық, бірлік белгісі. Бұл жақсы үрдіс халықпен бірге жасайды» [5, 113-118]. Ал енді осы ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық мінез-құлықтың тілдік тактикамен байланысына келетін болсақ, екеуінің де атқаратын қызметі бір деп айтуға болады. Өйткені жоғарыда көрсетілгендей, ұлттың дәуірлер бойы жинақтаған қоғамдық мінез-құлық ретіндегі

мәдени құндылықтары әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ырымдар арқылы көрініс тапса, олардың барлығы тіл арқылы жүзеге асып отырады. Осы екі маңызды нәрсе этностардың өзара қарым-қатынасында көрініс тауып, мәдениетаралық коммуникацияда іске асырылады. Бүгін әлемде барлық шекаралар ашылды, цифрлық технологиялар уақыт пен кеңістікті жойып жіберді. Адамдар арасында ұлт, этнос ұғымдары өмірде болып жатқан қарқынды жаһандану мен цифрландыру үдерісіне байланысты жойылып бара жатқанға ұқсайды. Сонымен қатар бүгінде елімізге әлемдегі барлық елдерден түрлі ұлт өкілдері саяхаттау мақсатында, өмір сүруге келіп жатыр. Онымен бірге біздің елімізде кеңестік кезеңнен бері тұрып жатқан этностарды да атап айтқан жөн. Осындай түрлі этникалық құрамда ұлттық санамызды сақтап қалатын ана тіліміз бен ұлттық мінез-құлқымыз, салт-дәстүріміз болып табылады. Өйткені «... әлемдік көлемдегі әлеуметтік, саяси, экономикалық күйзелістер халықтың бұрын соңды болмаған көші-қонуына, қақатығыстарға, араласуына әкеліп отыр. Сондықтан бұл үдерістер мәдениеттер қақтығыстарына әкеліп жатыр. Ал бұл халықтың прогресивті, алдыңғы қатарлылары өзіне қарым-қатынастың жаңа түрін ашып, өзара түсіністікке жетіп, мәдениеттер диалогына көшіп, шыдамдылық пен сыйластық танытып, өзара табысты қарым-қатынастар құруда. Ал осындай табысты коммуникацияның құралы ретінде, әрине, тіл мен сөйлеу түр. Сонымен қоса тіл - мәдениеттің айнасы. Бұл айнада халықтың өздік санасы, менталитеті, ұлттық мәнез құлқы, дәстүрі мен салты, моральдік ұстанымдары, құндылықтар жүйесі, әлемді сезіну мен тануы, әлемге деген өзіндік ұлттық көзқарасы жатыр» [1, 14-15]. Қойылған мақсатымызға сай таңдалған материалдарымыз қазақтың ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, жол-жоралғыларының қоғамдық мінез-құлық қалыптастырушы мәнін ашып, көрсетуге арналған ғылыми-көпшілік, ғылыми-теориялық дереккөздер мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың бүгіндегі халық арасындағы орнын, рөлі мен қызметін анықтауға арналған сауалнама жауаптары құрады. Осыған орай бізді қызықтыратын сұрақтарға жауап алу мақсатында мәдениетаралық коммуникацияда жиі қолданылатын сауалнама әдісі қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазақтардың тілдік тактикасының өзіндік ерекшеліктерін былай ажыратады:

- қазақтар әңгіменің мазмұнына аса мән береді;
- сөйлесу кезінде қазақтар бос сөзге әуес емес және де оған жол бермейді. Сонымен қатар сөйлеушінің мінез қылықтарына аса мән беріп, оның сөзін, ишараттарын, бет жүзі қозғалыстарын бақылап отырады;
- сөйлесу кезінде сабырлық танытып, қарсы сөйлеушіге бірден жауап бермей, оның тандаған позициясына сый көрсетіп, оның сөзінің аяқталуын күтіп, туындаған жағдайдан абыройлы шығуды мақсат етеді;
- қазақтарда кек алу сезімі жоқ. Алайда бұл қазақтарда өзін өзі сыйлау қасиеті жоқ дегенді білдірмейді;
- қазақтар сөйлеушісін әрдайым сыйлайды және де оның сөзін кеспей, дәлелді, деректі сөзі болмаса да, оның сөзін толық аяғына дейін тыңдай біледі. Олар осындай мінез қылығымен сөйлеушіні сыйлап, артық эмоционалды реңксіз қателерін түзеп отырады [6, 160-167]. Атап өткендей, тілдік тактика этностың менталитетіне тікелей байланысты. Қазақтың түпкі мәдениетінде үлкенді сыйлау, қонаққа құрмет көрсету. Осыған байланысты қазақта «қырықтың бірі қыдыр» деген аталы сөз де бар. Ал көршіні сыйлауда қазақта көршіге берілетін заңды рөл де бар, яғни «көршінің қақысы», кішілердің үлкендерге сәлем беруі [7, 107]. Міне, осылардың барлығы қазақтың тілдік тактикасының көрсеткіштері. Біз өз зерттеуімізде қазақ халқының тілдік тактикасының бүгінгі ұрпаққа қаншалықты таныс және ол нормалар бүгінгі жастар мен олардың ата-аналары арасында сақталу деңгейін зерттеген болатынбыз. Зерттеуіміздің мақсаты – коммуникацияда ұлттық тілдік тактиканың бүгінгі күнгі қазақтар бойында сақталуының қазіргі жай күйі. Мақсатқа сай мына міндеттер

белгіленді:

- Д.Кішібеков атап көрсеткен қазақтардың тілдік тактикасының мазмұнына сүйене отырып, анкета құрастыру;

- анкетаны сынаудан өткізу және қажет түзетулер енгізу;
- анкетаны «Coogl Form» арқылы тарату;
- алынған нәтижелерді өңдеу, интерпретациялау, сәйкес тұжырымдар шығару.

Зерттеу барысында сауалнамада 2 блок сұрақтар желісі берілді. Бірінші блокта қатысушының жасы, ұлты, қай тілдегі мектепті аяқтағаны туралы ақпарат берілді. Ал екінші блокта тікелей мақсатымызға сай сұрақтар берілді. Сауалнамаға барлығы 50 респонденттен жауап келді. Оның ішінде 13-21 жас аралығындағылар 21 респондент, ал 29 респондентті 33-66 жастағылар құрады.

«Сіз сөйлесіп отырған адамыңыздың әңгімесінің мазмұнына мән бересіз бе?» деген сұрағымызға 96% респондент «Иә» деген жауапты таңдаған. Ал «Сізбен сөйлесіп отырған адамның әңгімесі сізді қызықтырмаса, не істер едіңіз?» сұрағын берілген жауаптар әртүрлі. Сұраққа үш түрлі нұсқадағы жауаптар беріліп, мынадай нәтижелер алынды:

- әңгімені тоқтатуын өтінемін – 6 %;
- тыңдап отырған сияқты боламын - 66%;
- әңгіменің мені қызықтырмайтынын айтып көремін – 28 %.

«Сізбен сөйлесіп отырған адамның сөзін мұқият тыңдайсыз ба?» деген сұраққа респонденттердің жартысынан көбі мұқият тыңдайтынын көрсетсе (74%), қызықтыратын ақпараттарға ғана көңіл бөлетіндердің саны 26% құраған.

Сауалнамадағы келесі сұрақта респонденттердің сөйлесушісінің қимыл-қозғалыстарына, ишараттарына көз салып бақылауын айқындау болды. Респонденттердің 82% әңгіме барысында сөйлесушісінің ишараттары мен қимыл-қозғалыстарын бақылап отыратын болса, 18% мән бермейтінін көрсеткен. Бұл 18%-дың ішінде жас мөлшері әр түрлі респонденттер бар.

«Сізбен сөйлесіп, белгілі бір мәселеде келіспеушілігін білдірген адаммен қандай қарым-қатынас құрар едіңіз?» деген сұрақ бойынша қазақтардың тілдік тактикасындағы сабырлықпен әңгіме мен жағдайдың аяғын күтіп нәтиже шығару қасиеттерінің сақталу/сақталмауын анықтау болатын. Сұрақ бойынша үш нұсқадағы жауап берілген болатын және респонденттердің жауаптары мына нәтижемен шықты: кек алуға тырысамын - 6%; келіспеген себебін анықтаймын - 46%; ештеңе істемеймін - 42%. Сонымен, қазақтардың дәстүрлі тілдік тактикасы әлі де болса, сақталып келе жатқанын зерттеуімізде көріп отырмыз және де Д.Кішібековтың қазақтардың тілдік тактикасы талаптарының (постулаттарының) дұрыс екендігіне көзіміз жетіп отыр. Яғни қазақтар әңгіменің мазмұнына аса мән береді екен. Бірақ сөйлесу кезінде мұқият тыңдаумен қатар, керек ақпараттарға ғана мән беретінін көрсеткен. Бұл жерде бос сөзге әуес емес және де оған жол бермейді деген постулатты да жоққа шығармаймыз. Сонымен қатар сөйлеушінің мінез-құлықтарына аса мән беріп, оның сөзін, ишараттарын, бет жүзі қозғалыстарын бақылап отыратынын айқындадық. Сөйлесу кезінде сабырлық танытып, қарсы сөйлеушіге бірден жауап бермей, оның таңдаған позициясына сый көрсетіп, оның сөзінің аяқталуын күтіп, туындаған жағдайдан абыройлы шығуды мақсат ететіндікке келер болсақ, бұл жолда респонденттердің әртүрлі позицияларын көруге болады. Қазақтарда кек алу сезімі жоқ деп айта алғанмен, кейбір респонденттер өзінің позициясын анық көрсеткен екен. Қазақтар сөйлеушісін әрдайым сыйлайды және де оның сөзін кеспей, дәлелді, деректі сөзі болмаса да, оның сөзін толық аяғына дейін тыңдай біледі. Олар осындай мінез-құлығымен сөйлеушіні сыйлап, артық эмоционалды реңксіз кателерін түзеп отырады деген постулат сақталады екен.

ТАЛҚЫЛАУ

Қоғамдық мінез-құлық ғасырлар бойы қалыптасқан белгілі бір ортада қабылданған іс-әрекеттер болып табылады. Ал нақты бір этностың қоғамдық немесе әлеуметтік мінез-құлқы

көптеген байланыстар мен қатынастардың көрініс табуларынан пайда болатын сол этносқа тән әрекеттердің жиынтығы. Қазақ халқының ұлттық қоғамдық мінез-құлық ұжымдық болып табылады. Оны халықтың ежелден келе жатқан дәстүрлерінен көруге болады. Ал ол дәстүрлердің көбісін мақал-мәтелдерден көруге болады. Мысалы, «Ағайын тат болса, ас көп», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Бөлінгенді бөрі жейді», «Жалғыздың үні шықпас, жаманның шаңы шықпас». Сонымен қатар ағайындық және ұжымдық мінез құлықтың қалыптасуын тарихи деректер де дәлелдеп отыр. Ұлттық қоғамдық мінез құлық, әдетте, оның тілі мен дәстүрі, рухани құндылықтар жүйесі, символдар мен ритуалдар, заттар мен адамдарға деген қарым-қатынастары арқылы ұрпақтан ұрпаққа тараған мінез құлық тәсілдерінің үлгісімен анықталады және де осы факторлардың барлығы қалыптасқан ұжымдық сананың ұлттық ерекшеліктерін айқындап отырады. Сонда әрбір этностың субъективті психологиялық бейнесі немесе ерекше ұлттық мінез-құлық нормасы қалыптасады екен. Ал кез келген этностың өмірі белгіленген шарттар қатарынан тұрады. Ол шарттарды ұстану, бір затқа деген көзқарастың бірлігін немесе әртүрлілігін көрсетеді [8]. Айтатын болсақ, үйге аяқ киімді шешіп кіру әрбір қазақ үшін белгіленген тәртіп, ал кейбір Еуропа мен АҚШ өкілдері үшін бұл ерсі болып көрінуі мүмкін. Сонымен қатар үлкеннің алдын кесіп өтпеу қазақ баласы үшін кез келген жағдайда көрсете білуі керек қалыпты мінез-құлық, сонымен қатар сөйлескенде үлкен адамның бетіне тік қарамау, үлкенге қарсы жауап бермеу, дауысын қатты шығарып сөйлемей т.с.с. әрекеттер қазақтардың әдетке айналған мінездері болып табылады. Сонымен қатар қазақтардың арасында осы күнге дейін келе жатқан ырымдары мен әдет-ғұрыптарын да қоғамдық мінез-құлықтың құраушысы деп атауға болады.

Этникалық психологияда ұлттық мінез-құлықты «этникалық стереотиптер» деп қарастырады. Оған мынадай анықтама беріледі: «Белгілі бір этникалық топ пен қауымдастықтың қарапайым, схемаланған, эмоционалды боялған, жоғары деңгейде тұрақталған бейнесі. Этникалық стереотип арқылы ұлт туралы белгілі бір пікір, ой қалыптасады» [8]. Қазақ халқының қоғамдық мінез-құлыққа қатысты деректерді ырымдар мен дәстүрлерден қарастырып көрейік. Қазақта «Жол-жоралғы» деген ұғым бар. Бұл әр адамның еңбегіне, ата-тегіне, туыстық қатынастарына сай жасалатын сый-сыяпат ретінде берілетін тарту-таралғы. Ол әр түрлі жолдармен жасалады: алғаш қонаққа келген батырға, оның жанындағыларға, ақынға, құда-құдағиға көрсетіледі. Мұндай тарту-таралғыларға ат-шапан, кісе белбеу, ер-тұрман, қару-жарақ, қалы кілем, құндыз бөрік, күміс қамшы, домбыра жатады. Жол-жоралғы кезек беру арқылы да көрсетіледі: бата беру, бас ұстау, жоғары төрде отыру [5, 113-118]. Қазіргі кезде тойларда, үлкен, жасы келген адамға берілген астарда бата берген адамға шапан кигізіледі. Бұл қоғамдық мінез-құлыққа толыққанды айналған дәстүр деуге болады. «Бас ұстау» – ол қазақта ғана бар дәстүр. Яғни бас тарту – ол қонағыңды сыйлау. Сонымен қатар ежелден келе жатқан және бүгінде де сақталған, қоғамдық мінез-құлыққа айналған «Табақ тарту» дәстүрін айтатын болсақ, қазақ халқының ежелден келе жатқан әр адамның өз ортасындағы атқаратын рөлі мен алатын орнына сай жасалатын қоғамдық норма деуге болады. Егерде табақ жасалғанда қате кетсе, ол үй қожайынының қонақ алдындағы беделін түсіреді және оның біліксіз екендігін, дәстүрді құрметтемейтінін көрсетеді. «Жөн-жосық» әдебі туралы С.Кенжеахметұлы былай дейді: «Мындаған жылдар бойы халқымыз қазақтық қалпын сақтай отырып, өмір тәжірибесінде салт пен сананың, әр істің реті мен әдебін, жөні мен жолын жасап қалдырған. Осыдан ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырымдар, ұғымдар, тыйымдар қалыптасқан. Осының бәрінің басын құрайтын әдептер жиынтығы – ұлтымыздың жөн-жосығы туындаған. Мұның барлығы ұлттық мінез бен сана-сезім, діни сенім, рухани қазына мен қағидалар байлығы, үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие ережесіне негіз бола отырып, жылдар бойы дами түскен» [5, 121]. Ырымдар мен тыйымдар да қазақтың қоғамдық мінез-құлықтың құрамдас бөлшегі болып табылады. Өйткені ырымдар – ежелден келе жатқан және де халықтың жадындағы белгілі бір таңба немесе нышандарға сену [9]. Ал тыйым – нақты бір әрекетке, сөзге, затқа, іске қойылатын діни тыйым салу [10, 699]. Қазақ ырымдары мен тыйымдарының түпкі мәні қоғамдық нормаларды орнату болып табылады,

яғни әрбіреуінің атқаратын қоғамдық рөлін қалыптастыру. Сонымен қатар «қазақ халқының ырымдары мен нанымдарының негізгі міндеті — әсіресе жастар мен тәжірибесі аздарды жаманшылық пен өмір қиындықтарынан сақтандыру, қорғау, оларды адами ізгілік дәстүрімен тәрбиелеу үлкендерді және шынайы халық өсиеттерін құрметтеуге баулу» [11]. Сондай-ақ салт-дәстүр мен ырымдардың халықтың өмірінде маңызды рөл атқаратынын, ұлттық салт-дәстүрлер тілдік бейне қалыптастыратынын зерттеушілер атап кетеді [12, 13, 14, 15].

Кейбір қазақ ырымдары мен тыйымдарының мән-мағынасы төменде берілді (Кесте 1).

Кесте 1. Қазақ ырымдары *

№ №	Ырымдар	Мағынасы мен мақсаты
1.	Отқа май құю	Келін түскенде, келіншек босанғанды, жас отау шаңырағы көтерілгенде жасалатын жақсы ырымдарды бірі. От - халық зердесінде қасиетті ұғым. Отпен аластау; "от ана", "отың өшпесін", "ошақтан от кетпесін" деген тілек пен ырым сабақтастығы болып табылады.
2.	Жуған қолды сілкуге болмайды.	Ырысың қашады
3.	Қазақ қыз баланы қорламайды. бақытына балайды.	«Қыздың қабағында құт бар. Қыз қабағы күрен тартса – ел жұртқа шалдығады. Қыздың қабағы күлімдесе – құт қонады. Қызды жылатқаның қырсығы қырық есекке жүк болады», - деп ырымдап, қыз баланы адамның бақытына балайды.
4.	Қазанды есік жаққа қаратып қисайта аспайды.	Ол құласа: «Несібе төгіледі, ырыс далаға қашады. Отқа төгіліп, дән куйеді. Қазан шайқалса, ырыс шамданады», - деп ырымдайды.
5	Шәугімнің шүмегін ошақтың аузына қаратып аспайды.	Шай тасыса - үйдегі қыз ащы азап арқалайды деп ырымдалады. «Түз астың иманы, қыз - үйдің көркі». Дәм-тұз ауыспак қыздан. Тұз шамданса - қыз шамданады. Дәм-тұз атқан адам өмір бойы оңбайды деп, сол ырымға нанады.
6	Екі қолды төбеге қойып отыруға болмайды.	Басына қайғы-қасірет түскен адам ғана төбесіне қолын қойып отырады.
7	Мықыныңды таянба.	Бұл қайғы-қасірет шақырады деген жаман ырымды білдіреді.
8	Есікті керме.	Үйге ешкім кірмесін деген белгі болып табылады.
9.	Қыз баланың басына ақ немесе қара орамал тақпайды.	Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі.

*<https://kk.wikipedia.org/wiki/>

* Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. –Алматы, 2006.

Осындай маңызды және терең мағынасы мен мәні бар ырымдар қазақтың қоғамдық мінез-құлқын қалыптастырған. Өйткені қоғамдық мінез-құлық дәуірлер бойы белгілі бір этноста қалыптасқан және сақталуы мен орындалуы шарт болып табылатын нормалар жиынтығы.

XXI ғасырдағы қазақтың қоғамдық мінез-құлқында өзгерістер пайда болды ма? Жоғарыда көрсетілген ырымдар, тыйымдар, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер халық арасында сақталып келе ме? Сақталса, оны бүгінгі қазақтар қалай түсінеді? Осындай сұрақтарға жауап іздеу үшін сауалнамалық зерттеу жүргізген болатынбыз. Зерттеуіміздің мақсаты – қазақтың ұлттық қоғамдық мінез-құлқын ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырымдар, ұғымдар, тыйымдар қалыптастырғанын және бүгінгі қазақтардың салт-дәстүрді сақтау арқылы ұлттық қоғамдық мінез-құлқын сақтап қалуын анықтау. Міндеттер:

- сауалнама сұрақтарын дайындау;
- сауалнаманы сынақтан өткізу;
- сауалнаманы «Coogle Form» арқылы тарату;

- алынған жауаптарды өңдеу, интерпретациялау, тұжырымдар шығару, қорытындылау.

Сонымен зерттеуге барлығы 20 респондент қатысты. Оның ішінде жас ерекшеліктері бойынша 15-21 арасындағылар 6 респондент, 22-65 арасындағылар 14 респондентті құрады. Сауалнамада қойылған мақсатымызға қарай орналастырылған сұрақтарға қажетті жауаптар алынып, өңделді, интерпретацияланды.


Сауалнамадағы бірінші сұрақ «Үлкенге – құрмет. Кішіге – ізет» мәтелін қалай түсінесіз?» деп қойылды. Бұл сұрақ арқылы қазақ халқының қоғамдық мінез-құлқының орталық көрсеткіші «сыйластық» ұғымының орнын айқындау болды (Кесте 2). Алынған жауаптар бойынша респонденттердің барлығы да мәтелдің мағынасының түпкі мәні «сыйластық» екенін түсінгенін көреміз.

Кесте 2. Қазіргі кездегі сыйластық ұғымының қазақ респонденттер арасындағы жай-күйі.

№№	Жауаптар
1.	Бұл үлкен тәрбиелік мәні бар мақал. қазақтың негізгі ұстанымын көрсетеді.
2.	Өзімізден үлкенді құрметтеп, кішіге иіліп ізет көрсетсек, адамзатты сыйлаған, бәрімен жақсы боламыз.
3.	Ибалы адам болу.
4.	Үлкенді құрметтеу, кішіні аялау
5.	Үлкен мен кіші арасындағы сыйластық
6.	Үлкенді құрметтеу, кішіні сыйлай білу
7.	Үлкендерді сыйлап,кішілерге қамқор болу
8.	Үлкен мен кішіге бірдей құрмет көрсету
9.	Үлкенге де, кішіге де құрмет көрсетсең, өзің сыйлы боласың
10.	Үлкенге құрмет ,сыйластық
11.	Қарт жастағы адамдарды құрметтеу, кішіге үлгі болып жүру
12.	Үлкенді құрметтеп, кішіні аялау керек
13.	Үлкенді сыйлау,кішіні де ренжітпеу керек деп түсінем
14.	Үлкенді сыйлап, кішіге үлгі боларлық құрмет таныту
15.	Жақсы
16.	Адамгершілігі жоғары адамның, бойынан табылатын қасиет
17.	Ұрпақта сабақтастықтың болуы
18.	Үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу деген
19.	Үлкендерді сыйлау керек

Келесі сұрақ қазақ халқының ырымдары мен нанымдарының тәрбиелік мәні және міндеті – адамдарды қиындықтардан сақтандыру, қорғау, халық өсиеттерін құрметтеуге баулу болып табылатындығына деген бүгінгі қазақтардың қарым-қатынасын анықтау болды және мынадай жауаптар алынды (Сурет 4).

4. «Қазақ халқының ырымдары мен нанымдарының негізгі міндеті — әсіресе жастар мен тәжірибесі аздарды жаманшылық пен өмір қиын...теуге баулу» деген тұжырыммен келісесіз бе?
20 ответов




Сурет 4. Қазақ халқының ырым, нанымдарының бүгінгі күнгі қазақтар арасындағы мәні

Келісетіндер, яғни ырым-нанымдар қоғамдық мінез-құлық қалыптастырады дегендер: 95%; келіспейтіндер – 5%. Бұл дегеніміз – қазақтардың арасында қазақтың ұлттық қоғамдық мінез-құлықын басқаша түсіну дегенді білдіреді және де бұл проблеманы әлі де болса арнайы мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан терең зерттеу керек екендігін көрсетеді.

Сауалнамамызда салт-дәстүрлер, жоралғылар ұлттық қоғамдық мінез-құлықтың басты көрсеткіші және ол ұрпақтан ұрпаққа таралып, орындалуы міндетті норма болып табылатындығын айқындау мақсатында кейбір қазақы дәстүрлердің отбасында сақталу/сақталмауын анықтауға арналған сұрақ берілген болатын. Респонденттерге халық арасында кең таралған және әлі күнге дейін орындалып келе жатқан дәстүр мен жол-жоралғылар тізбесі берілген болатын. Ол сұрақтар мен оларға жауап төмендегі диаграммада анық берілген (Сурет 5).

5. Мына дәстүрлер сіздің отбасыңызда сақталған ба? Бірнешеуіне дейін белгілеуге болады.
20 ответов




Сурет 5. Қазіргі қазақтар арасында сақталған және орындалатын дәстүрлер.

Респонденттердің жауаптары бойынша толық сақталған және орындалатын дәстүр «Ас қайыру» – 100%, «Дәм татыру» – 90%, «Жол-жоралғы көрсету» – 85%. Ал «Асату» дәстүрін тек қана – 65% респондент біледі және орындайды екен.

Дәстүрлер мен әдептер де ұлттық қоғамдық мінез-құлықты қалыптастырып, этностың этикалық ұстанымдарының негізіне айналады. Ежелден келе жатқан әдеп пен дәстүрлердің бүгінгі қазақтардың ой-санасында қандай орын алатынын да зерттеген болатынбыз. Осыған байланысты қазақтың 13 дәстүрі мен әдеп нормаларының тізбесі беріліп, оларды ұстанатындығы мен ұстанбайтындығы анықталды. Оған төмендегідей жауап алынды (Сурет 6, Кесте 3):

6. Қазақтың мына дәстүрлері мен әдептерін ұстанасыз ба? Ұстансаңыз, бірнешеуіне дейін белгілеуге болады.

20 ответов



Сурет 6. Әдеп пен дәстүрлердің бүгінгі қазақтардың ой-санасындағы орны.


Кесте 3. Әдеп пен дәстүрлердің бүгінгі қазақтардың ой-санасындағы орны.

1	-«Үлкеннің алдын кесіп өтпеу»;	95%
2	- «Қыз балаға, кішкентай балаға айқайлап, қатты сөйлему»;	70%
3	- «Сәлемді дұрыс беру. Сәлемді дұрыс алу»;	90%
4	- «Үйге айқайлап кірмеу»;	65%
5	- «Үйге тамақ шайнап кірмеу»;	40%
6	- «Қолға су құю» (әдетте қонақтардың қолына су құю)	85%
7	- «Қолды жуғаннан кейін, сілкімеу»;	80%
8	- «Ет жерде үлкендерден бастау»;	90%
9	- «Ет жегенде, біреудің алдына қолыңды жүгіртпеу»;	75%
10	- «Үлкен кісімен амандасқанда, қос қолдап қолын алу»;	85%
11	- «Үлкенге орын беру», «Төрге жүгірмеу»;	95%
12	- «Шәйді сарылдатып құймау»;	70%
13	- «Кесе-аяқты, ыдысты тарсылдатпау».	90%

Қазақ ырымдарының қазіргі қазақтардың өмірінде қолданылуын және олардың қазақтардың арасындағы рөлін анықтау барысында мынадай жауаптар алынып, интерпретацияланды: қазіргі күнде аталған ырымдардың халық арасында әлі де болса белгілі бір рөл атқаратындығы айқындалды. Оған дәлел көрсетілген ырымдардың барлығының белгіленгені. Мысалы, «Ауырса, жер ұшық жасау» «Құлап қалса, жарақаттанса, ұшықтау», «Үйді адыраспанмен аластау» ырымдарын халықтың әлі де болса білетіндігін және оны қолданатындығын 52,6%-73,7% респонденттердің оң жауап бергендерінен көруге болады (Сурет 7).

8. Мына ырымдарды білесіз бе/ қолданасыз ба?

19 ответов



Сурет 7. Қазақ ырымдарының қазіргі қазақтардың өмірінде қолданылуы.

«Көрсетілген ырымдар, тыйымдар, дәстүрлер қазақ халқының ұлттық мінез-құлқын көрсетеді және оларды ұстану қазақтың өзіндік қоғамдық мінез-құлқының ежелден қалыптасқан үлгісі бар екендігін дәлелдейді» деген біз ұсынып отырған тұжырымның қаншалықты дұрыс/дұрыс емес екендігін растау мақсатында қойылған сұраққа төмендегідей жауап алынды: респонденттердің 90% тұжырымды қолдаған, 5% - «жоқ» деп жауап берген, 5% «басқа пікірде» екенін көрсеткен. Ал «Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар қазіргі кезде халықтың ұлттық санасын нығайтады» деген пікірмен келісесіз бе?» деген қорытынды сұраққа 19 респонденттің барлығы «Иә» деп жауап берген. Яғни бұдан ұлттық қоғамдық мінез-құлықтың негізін салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар құрайды деген қорытынды шығады.

Сонымен сауалнамалық зерттеуіміздің нәтижесінде ұлттық мінез-құлықты құраушы ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып пен тілдік тактика болып табылады және де осы құраушы компоненттер этностың этикалық-моральдық нормаларын қалыптастырады, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады деген тұжырым айта аламыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Тілдік тактика мәдениетаралық коммуникацияда орталық орын алады. Тіл мәдениеттің ерекшелігін көрсетуші қызметімен қатар мәдениетаралық коммуникация үдерісінде маңызды құрал болып табылады.

2. Табысты мәдениетаралық коммуникация тек қана сол мәдениеттің тасымалдаушысы болып табылатын тілді меңгеру арқылы жүзеге асырылады. Мәдениетаралық коммуникация мақсаты - өзге мәдениет өкілінің коммуникативтік мінез-құлқын, ол тілді тасымалдаушының мәдениеті болып табылатын ұлттық мінез-құлқын танып білу арқылы коммуникацияға түскен екі мәдениет өкілінің өзара түсіністікке жетуі. Ол тек қана ұлттық тілдік тактиканы дұрыс меңгеру арқылы жүзеге асады. Ал ұлттық тілдік тактикада қарым-қатынасқа түсудің маңызды мазмұны мен формалары бар екенін ескерумен қатар сол ұлттық қоғамдық мінез-құлқын да білуді талап етеді.

3. Қазақтардың дәстүрлі тілдік тактикасы әлі де болса сақталған. Д.Кішібековтың қазақтардың тілдік тактикасының талаптарының (постулаттарының) дұрыс екендігі және де қазіргі қазақтардың да осы постулаттардан бас тартпағанын сауалнама арқылы зерттеп, дәлелдік. Қазақтар әңгіменің мазмұнына аса мән береді, бірақ сөйлесу кезінде мұқият тыңдаумен қатар, керек ақпараттарға да ден қоя отырып, бос сөзге әуес еместігін көрсетіп, оған жол бермейді. Сөйлеушінің мінез-құлықтарына аса мән беріп, оның сөзін, ишараттарын, бет жүзі қозғалыстарын бақылап отырады. Сөйлесу кезінде сабырлық танытып, сөйлеуші сөзінің аяқталуын күтеді және де туындаған жағдайдан абыройлы шығуды мақсат етеді. Қазақтарда кек алу сезімі жоқ деуге болады, алайда зерттеу барысында кейбір жағдайларда респонденттер өзінің кек алатындығын да көрсеткенін атап өткен жөн.

4. Қазақтардың ұлттық мінез-құлқын тілдік тактика, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар құрайды. Қазіргі қазақтар ұлттық тілдік тактиканы, ежелден келе жатқан салт-дәстүрлер мен ырымдарды, әдет-ғұрыптарды біледі және ұстанады.

5. Қазақтардың қоғамдық мінез-құлқын салт-дәстүрлер құрайды және олар ұлттық қоғамдық мінез-құлықтың басты көрсеткіші және олардың сақталуы мен орындалуы міндетті норма болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – Москва, 2008. – 261 с.
- 2 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. 4-е изд., перераб. и доп. – Москва: Русский язык, 1990. – 246 с.
- 3 Манапова В.Э. Национальный характер: истоки формирования и стереотипы поведения в межкультурном диалоге // Омский научный вестник №3 (119) 2013. – Омск, 2013. – С.227-230. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/natsionalnyy>. (Қараған күні: 12.09.24).
- 4 Ярматова М.А. Национальные особенности этикета // "Экономика и социум" №6 09)-1. 2023. – С.1227-1231. – URL: <https://www.iupr.ru/> (Қараған күні: 12.09.24).
- 5 Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. – Алматы, 2006. – 384 б.
- 6 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 189 б.
- 7 Садирова К.К., Курманова Б. Ж. Тактика речевого поведения в межкультурной коммуникации // Социокультурное пространство России и зарубежья: общество, образование, язык. Выпуск 6. – Екатеринбург, 2017. – С.107-116.
- 8 Этнопсихология: иллюстрированный учебник для студентов высших учебных заведений (бакалавриат, магистратура). Под ред. Б.Р. Мандель. – М.-Берлин, 2015. – 412 с.
- 9 Академик.ру/ Толковый словарь Ожегова. С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. 1949-1992. – URL: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ushakov/940654>. (Қараған күні: 13.09.2024).

10 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – Москва, 1983. – 816 с.

11 А.Қалыбекова. «Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы». – Алматы, 2011. – 485 б. – URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/2814>. (Қараған күні: 16.09.2024).

12 Kulmatov P.M. The role of national customs, values and traditions in our society. "Экономика и социум" №4(119)-2 2024. pp. 247-249. – URL: <https://www.iupr.ru/>. (Қараған күні: 02.01.2025).

13 Abduqaxxorov S. A. (2023). Language reflection of national customs, traditions and customs. Galaxy International Interdisciplinary Research Journal, 11(8), pp. 213-215. – URL: <https://giirj.com/index.php/giirj/article/view/5623> (Қараған күні: 02.01.2025).

14 Zhubay O. S., Imankulova S.M., Adil Absattar, M. Ryskulov, T.A7 Zamzayeva, T. Ramazanov (2023). Language as a cultural code of a nation (on the example of the modern Kazakh language). SHS Web of Conferences 164, 00138. – URL: <https://doi.org/10.1051/shsconf/202316400138>. (Қараған күні: 16.09.2024).

15 Mustafayev F.M., Mustafayeva Z.S. The influence of customs and traditions on the formation and spiritual development of society in a multicultural region // Научный альманах стран Причерноморья. 2022. Том 29. № 1. – С.47-51. – URL: <https://oaji.net/pdf.html?n=2022/2743-1650277506>. DOI 10.23947/2414-1143-2022-29-1-47-51 UDC 392. (Қараған күні: 16.09.2024).

Материал 06.01.2025 баспаға түсті

Проблема национальной языковой тактики и этнического общественного поведения

Б.Ж. Курманова¹, Н.Ж. Курман²

¹Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова, Актөбе, 030000, Республика Казахстан,

²Казахстанский филиал Московского государственного университета им. М.В. Ломоносова, Астана, 010000, Республика Казахстан

Межкультурная коммуникация является актуальной и динамично развивающейся проблемой, имеющей междисциплинарный характер. На сегодняшний день в Казахстане недостаточно исследований по межкультурной коммуникации и предстоит решить множество задач в этом направлении. Одним из таких актуальных и вызывающий большой интерес вопросов являются национальная языковая тактика и национальное общественное поведение. Проблемы национальной языковой тактики и национального общественного поведения рассматриваются по отдельности в лингвистике и этнопсихологии. Необходимо отметить, что эта проблема не изучена в полной мере в рамках межкультурной коммуникации. В нашем исследовании мы делали попытки рассматривать эти два вопроса в рамках межкультурной коммуникации. Актуальность этого исследования очевидна и является важной социальной проблемой сегодняшнего дня. В нашей статье мы попытались определить особенности языковой тактики и общественного поведения казахов с точки зрения межкультурной коммуникации и делать свои собственные выводы по полученным данным анкетирования. Согласно поставленной цели был проанализирован теоретический материал и сделаны основные теоретические выводы, связанные с объектом исследования.

Также в качестве инструмента практической части было выбрано 2 опросника. Содержание анкет составляли вопросы соответствующие заявленной цели, то есть определить сохранение языковой тактики казахов в нынешней коммуникации и определить роль среди современных казахов обычаев, суеверий традиции, формирующих общественное поведение казахов.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, страноведение, лингвокультурология, языковая тактика, культура речи, национальное общественное поведение, традиции, верования, суеверия, обычаи, этнические стереотипы.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – Москва, 2008. – 261 с.
- 2 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. 4-е изд., перераб. и доп. – Москва: Русский язык, 1990. – 246 с.
- 3 Манапова В.Э. Национальный характер: истоки формирования и стереотипы поведения в межкультурном диалоге // Омский научный вестник №3 (119) 2013. – Омск, 2013. – С.227-230. –URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/natsionalnyy>. (дата обращения: 12.09.24).
- 4 Ярматова М.А. Национальные особенности этикета //Экономика и социум. №6 09)-1. 2023. – С.1227-1231. – URL: <https://www.iupr.ru/> (дата обращения:12.09.24).
- 5 Кенжеахметулы С. Быт и культура казахского народа. – Алматы, 2006. – 384 с.
- 6 Кишибеков Д. Казахский менталитет: вчера, сегодня, завтра. – Алматы: Гылым, 1999. – 189 с.
- 7 Садирова К. К., Курманова Б. Ж. Тактика речевого поведения в межкультурной коммуникации //Социокультурное пространство России и зарубежья: общество, образование, язык. Выпуск 6. – Екатеринбург, 2017. – С.107-116.
- 8 Этнопсихология: иллюстрированный учебник для студентов высших учебных заведений (бакалавриат, магистратура). Под ред. Б.Р. Мандель. -Берлин, 2015. – 412 с.
- 9 Академик.ру/ Толковый словарь Ожегова. С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. 1949-1992. –URL: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ushakov/940654> (дата обращения: 13.09.2024).
- 10 Ожегов С.И.Словарь русского языка. – Москва,1983. – 816 с.
- 11 А.Калыбекова. Великое наследие казахского народного воспитания. – Алматы, 2011. – URL:<https://e-history.kz/kz/news/show/2814> (дата обращения:16.09.2024).
- 12 Kulmatov P.M. (2024) The role of national customs, values and traditions in our society. "Экономика и социум" №4(119)-2 2024. pp. 247-249. – URL: <https://www.iupr.ru/> (дата обращения: 02.01.2025).
- 13 Abduqaxxorov S. A. (2023). Language reflection of national customs, traditions and customs. Galaxy International Interdisciplinary Research Journal, 11(8), pp. 213-215. – URL: <https://giirj.com/index.php/giirj/article/view/5623> (дата обращения: 02.01.2025).
14. Zhubay O. S., Imankulova S.M., Adil Absattar, M. Ryskulov, T.A7 Zamzayeva, T. Ramazanov (2023). Language as a cultural code of a nation (on the example of the modern Kazakh language). SHS Web of Conferences 164, 00138. –URL:h <https://doi.org/10.1051/shsconf/202316400138> (дата обращения:16.09.2024).
- 15 Mustafayev F.M., Mustafayeva Z.S. (2022). The influence of customs and traditions on the formation and spiritual development of society in a multicultural region // Научный альманах стран Причерноморья, 2022. Том 29. – № 1. – С.47-51. -URL: <https://oaji.net/pdf.html?n=2022/2743-1650277506>. DOI 10.23947/2414-1143-2022-29-1-47-51 UDC 392 (дата обращения:16.09.2024).

Материал поступил в редакцию журнала 06.01.2025

National language tactics and national public behavior problem

В. Kurmanova¹, N. Kurman²

¹K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan

²Kazakhstan branch of the M. Lomonosov Moscow State University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

Intercultural communication is a highly relevant and rapidly evolving interdisciplinary field. In Kazakhstan, however, this area remains under-researched, with many important issues still requiring thorough investigation. Among these is the complex relationship between national

language tactics and patterns of national public behavior—topics traditionally examined separately within linguistics and ethnopsychology. Yet, their combined analysis within the framework of intercultural communication has received little scholarly attention.

This study aims to bridge that gap by exploring how national language tactics and cultural behavioral norms among Kazakhs function within contemporary intercultural contexts. The research seeks to identify specific features of Kazakh language strategies and public behavior as they relate to intercultural communication, drawing on both theoretical analysis and empirical data.

To address this objective, relevant theoretical literature was reviewed, and key concepts were examined to form the conceptual foundation of the study. For the empirical part, two specially designed questionnaires were employed. These instruments included questions aimed at evaluating (1) the extent to which traditional Kazakh language tactics are preserved in present-day communication, and (2) the influence of customs, superstitions, and traditions on the social behavior of modern Kazakhs.

The findings provide valuable insights into the ways in which cultural and linguistic elements continue to shape communication patterns in a multicultural and globalized environment. The results contribute to the broader discourse on intercultural communication by offering a culturally specific case study that emphasizes the importance of integrating national linguistic and behavioral dimensions.

Key words: intercultural communication, country study, linguacultural studies, language tactics, speech culture, national public behavior, traditions, beliefs, superstitions, customs, ethnic stereotypes.

REFERENCES

- 1 Ter-Minasova, S.G. (2008) *Ĭazyk i mejkŭlturnaia komunikasia* [Language and intercultural communication]. Moskva.
- 2 Vereşagin, E.M., Kostomarov, V.G. (1990) *Ĭazyk i kŭltura: Lingvostranovedenie v prepodavanii ruskogo iazyka kak inostrannogo* [Language and Culture: Linguistic and Regional Studies in Teaching Russian as a Foreign Language]. 4-e izd., pererab. i dop. Moskva: Russkyi iazyk.
- 3 Manapova, V.E. (2013) *Nasionälnyi harakter: istoki formirovania i stereotipy povedenia v mejkŭlturnom dialoge* [National character: sources of formation and stereotypes of behavior in intercultural dialogue] // *Omski nauchnyi vestnik* №3 (119). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/natsionalnyy> (date of application 12.09.24).
- 4 Ĭarmatova, M.A. (2023) *Nasionälnye osobenosti etiketa* [National features of etiquette] // *Ekonomika i sositium*, №6(109). 1. . <https://www.iupr.ru/> (date of application 12.09.24).
- 5 Kenjeahmetuly, S. (2006) *Byt i kŭltura kazahskogo naroda* [Life and culture of the Kazakh people]. –Almaty.
- 6 Kişibekov, D. (1999) *Kazahski mentalitet: vchera, segodnä, zavtra* [Kazakh mentality: yesterday, today, tomorrow]. Almaty: Gylym.
- 7 Sadirova, K. K., Kurmanova, B. J. (2017) *Taktika rechevogo povedenia v mejkŭlturnoi komunikasii* [Tactics of speech behavior in intercultural communication] // *Sosiokŭlturnoe prostranstvo rosii i zarubejä: obşestvo, obrazovanie, iazyk. Vypusk 6.* – Ekaterinburg.
- 8 *Etnopsihologia: ilŭstrirovannyi uchebnik dlä studentov vyssih uchebnyh zavedeni (bakalavriat, magistratura)* [Ethnopsychology: illustrated textbook for students of higher educational institutions] (2015). Pod red. B.R. Mandel. – M.-Berlin.
- 9 *Akademik.ru/ Tolkovyi slovär Ojegova* [Ozhegov's Explanatory Dictionary]. S.Ĭ. Ojegov, N.Ĭ. Şvedova. 1949-1992. – URL: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ushakov/940654> (date of application 13.09.24).
- 10 Ojegov S.Ĭ. *Slovär ruskogo iazyka* [Dictionary of the Russian language] (1983). Moskva..

- 11 Kalybekova, A. (2011) Velikoe nasledie kazahskogo narodnogo vospitania [The Great Heritage of Kazakh National Education]. Almaty. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/2814> (date of application 16.09.24).
- 12 Kulmatov, P.M. (2024) The role of national customs, values and traditions in our society // Ekonomika i sotsium. №4(119)-2. URL: <https://www.iupr.ru/> (date of application 02.01.2025).
- 13 Abduqaxxorov, S. A. (2023). Language reflection of national customs, traditions and customs. Galaxy International Interdisciplinary Research Journal, 11(8). URL: <https://giirj.com/index.php/giirj/article/view/5623> (date of application: 02.01.2025).
- 14 Zhubay, O. S., Imankulova, S.M., Adil, Absattar, Ryskulov, M., Zamzayeva, T.A., Ramazanov, T. (2023). Language as a cultural code of a nation (on the example of the modern Kazakh language). SHS Web of Conferences 164, 00138. URL: <https://doi.org/10.1051/shsconf/202316400138>. (date of application 16.09.2024).
- 15 Mustafayev, F.M., Mustafayeva, Z.S. (2022) The influence of customs and traditions on the formation and spiritual development of society in a multicultural region. Nauchnyi almanah stran Prichernomöra. Tom 29. № 1. – S.47-51. URL: <https://oaji.net/pdf.html?n=2022/2743-1650277506>. DOI 10.23947/2414-1143-2022-29-1-47-51 UDC 392 (date of application: 16.09.2024).

Received: 06.01.2025

МРНТИ 16.21.27

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss2pp198-212](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp198-212)

Е.П. Меркулова¹, А.Р. Сулькарнаева²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, Астана, 010008, Казахстан

²Казахстанский филиал Московского государственного университета им. М.В. Ломоносова, Астана, 010008, Казахстан

ЭТНИЧЕСКИЙ КОММУНИКАТИВНЫЙ КОД АНГЛОЯЗЫЧНОЙ КУЛЬТУРЫ: МАРКЕРЫ ВЕРБАЛЬНОСТИ И НЕВЕРБАЛЬНОСТИ

Активная межкультурная и межэтническая коммуникация влечёт насущную необходимость в исследовании национальных, культурных особенностей этого процесса на уровне вербального и невербального языка. Статья посвящена исследованию вербальных и невербальных средств коммуникации представителя англоязычной лингвокультуры посредством речевой идентификации и дальнейшей интерпретации элементов проксемики, такесики и кинесики, а также анализу с точки зрения теории речевых актов Дж. Л. Остина и Дж. Р. Сёрлу. Материалом исследования послужил речевой акт героя романа М. Митчелл «Унесённые ветром» George Ashley Wilkes (Эшли). Методы анализа: дескриптивно-аналитический, лингвостатистический, мультимодальный дискурс-анализ. Исследование выполнено в рамках антропоцентрической лингвокультурной парадигмы, что позволило предпринять скромную попытку идентификации этнического коммуникативного кода на материале английской лингвокультуры. Данная работа (имеется в виду докторское исследование по этой теме) также открывает новые перспективы для дальнейших исследований в области сопоставительной и сравнительной лингвистики, этнолингвистики, психолингвистики, социологии.

Ключевые слова: межкультурная и межэтническая коммуникация, вербальные и невербальные средства, проксемика, такесика, кинесика, паралингвистика, коммуникант, речевое поведение.